

В исследовании применены сравнительный, структурный и содержательный методы анализа, позволившие раскрыть взаимосвязь между экологическим сознанием, национальной памятью и общечеловеческими ценностями. В заключение подчеркивается, что произведения о Семипалатинском полигоне являются важным художественным свидетельством, сохраняющим историческую память народа, формирующим экологическую культуру и утверждающим гуманистические идеалы.

**Ключевые слова:** Семипалатинский полигон, атомная бомба, национальный интерес, литературное исследование, экология.

### Information about authors

**Bauyrzhan Yerdembekov** – doctor of philology, professor at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, e-mail: [erdembekov@gmail.com](mailto:erdembekov@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0503-4640>.

**Altynay Duiseshova\*** – Master's student at Shakarim University, Educational Program «Training of kazakh language and literature teachers», Republic of Kazakhstan, e-mail: [duiseshovaa@gmail.com](mailto:duiseshovaa@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4107-4000>.

### Авторлар туралы мәлімет

**Ердембеков Бауыржан Амангелдіұлы** – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Шәкәрім университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, e-mail: [erdembekov@gmail.com](mailto:erdembekov@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0503-4640>.

**Дюсешова Алтынай Төлеубекқызы\*** – «Шәкәрім университеті» КеАҚ «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» ББ магистранты, Қазақстан Республикасы, e-mail: [duiseshovaa@gmail.com](mailto:duiseshovaa@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4107-4000>.

### Сведения об авторах

**Ердембеков Бауржан Амангельдинович** – доктор филологических наук, профессор, НАО «Шәкәрім Университет», Республика Казахстан, e-mail: [erdembekov@gmail.com](mailto:erdembekov@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0503-4640>.

**Дюсешова Алтынай Төлеубековна\*** – магистрант НАО «Шәкәрім Университет» по образовательной программе «Подготовка учителей казахского языка и литературы», Республика Казахстан, e-mail: [duiseshovaa@gmail.com](mailto:duiseshovaa@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4107-4000>.

*Редакцияға енуі 25.10.2025  
Жариялауға қабылданды 22.12.2025*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4\(4\)-13](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2025-4(4)-13)

FTAMP: 17.71.01

### А. Оралбек\*, Н. Елесбай

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

\*ORCID: 10000-0002-0600-7006

\*e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЕСКІЛІК ПЕН ЖАҢА ОЙДЫҢ ҚАҚТЫҒЫСЫ: «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР» МЕН «ЕҢЛІК-КЕБЕК» МЫСАЛЫНДА

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» поэмалары негізінде дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарының өзара байланысы тереңінен қарастырылады. Автор шығармаларды талдау арқылы ақынның қоғамдағы моральдық және рухани құндылықтарға көзқарасын, адам тағдыры мен еркіндік мәселесіне деген философиялық ой-толғанысын айқындайды. Поэмалардағы ескі салт пен рулық қатынастардың шектеуші сипаты мен жеке тұлғаның еркіндікке ұмтылысы арасындағы қайшылықтар көркемдік тұрғыдан ашылады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, текстологиялық және герменевтикалық әдістер қолданылып, шығармалардың идеялық мазмұны, көркемдік жүйесі мен композициялық құрылымы жан-жақты сарапталады. Шәкәрімнің бұл туындылары қазақ

қоғамындағы әлеуметтік-рухани жаңғыру үдерісін бейнелей отырып, гуманистік және этикалық құндылықтарды дәріптейді. Ақын дәстүрлі эпикалық поэтика шеңберін кеңейтіп, адам болмысы, махаббат пен адалдық, әділет пен ар ұғымдарын жаңа философиялық деңгейде пайымдайды. Мақалада сонымен қатар Шәкәрімнің шығармашылық эволюциясы мен оның Абай дәстүрін жалғастырудағы рөлі де айқындалады. Зерттеу нәтижесінде «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмаларының қазақ әдебиетіндегі жаңашылдық бастауы ретіндегі маңызы дәлелденеді. Шәкәрім шығармашылығындағы гуманистік идеялар мен адам еркіндігі туралы ойлар бүгінгі заман әдебиеттануы үшін де өзекті болып қала беретіні атап көрсетіледі.

**Тірек сөздер:** Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», еркіндік, мораль, гуманизм, философиялық поэзия.

### **Кіріспе**

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани және мәдени тарихында аса күрделі әрі тағдыршешті кезеңдердің бірі болды. Бұл дәуірде Ресей империясының отарлық саясаты күшейіп, қазақ даласында әкімшілік, саяси және рухани бақылау тетіктері нығайды. Ұлттың дәстүрлі өмір салтына сырттан енген жаңа билік құрылымы мен еуропалық өркениеттің ықпалы қазақ қоғамындағы рухани тұрақтылыққа, моральдық ұстанымдарға және мәдени болмысқа зор әсер етті. Осы тарихи жағдайда қоғамда ұлттық өзіндік сана, ағартушылық ой және рухани ізденіс бағыттары күшейе түсті. Елдің тағдыры мен болашағын ойлаған зиялылар қауымы ескі салт пен жаңа заман талаптары арасындағы күрделі қайшылықтарды пайымдап, қоғамды жаңарту жолдарын іздеді.

Осы ұлы ізденіс дәуірінде қазақтың көрнекті ойшылдары мен әдебиет қайраткерлері – Абай Құнанбайұлы мен оның рухани мұрасын жалғастырушы шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы ерекше орын алады. Абай өз шығармаларында адамгершілік пен әділеттілікті, білім мен ардың тазалығын қоғамды алға бастыра негізгі күш деп танып, ұлттық рухани жаңғырудың іргетасын қалады. Ал Шәкәрім сол іргетасты одан әрі тереңдетіп, оны философиялық және моральдық жүйе ретінде дамытты. Ол Абай мектебінің идеялық сабақтастығын жалғастыра отырып, қазақ қоғамындағы ескі салт пен жаңа ойдың, дәстүрлі сана мен ағартушылық гуманизмнің арасындағы күрделі тартыстарды көркемдік-философиялық деңгейде бейнелей алды.

Шәкәрім шығармашылығында жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынас, адам еркіндігі, ар мен ұждан мәселесі ерекше мәнге ие болды. Ақын үшін адам өмірінің мәні мен рухани кемелдікке жетудің жолы әділет пен мейірім ұғымдарын тануда жатыр. Осы идеялар оның поэзиялық және прозалық мұрасының барлығында дерлік көрініс тапқан. Әсіресе, «Қалқаман-Мамыр» (1912) және «Еңлік-Кебек» (1912) поэмалары ақынның әлеуметтік-психологиялық бағыттағы көркемдік ізденістерінің шыңы болып саналады. Бұл шығармаларда Шәкәрім жеке тұлғаның ішкі жан дүниесі мен қоғамдық шектеулер арасындағы тартысты терең аша отырып, қазақ қоғамының моральдық құрылымын жаңа қырынан пайымдайды. Аталған поэмалар тек ғашықтық тақырыбын жырлаумен шектелмей, сол дәуірдің әлеуметтік-рухани болмысын бейнелейді. «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмаларының өзегінде адамдық еркіндікке ұмтылу мен қоғамдағы әділетсіздікке қарсылық идеясы жатыр. Шәкәрім бұл туындыларында рулық жүйе мен салттық шектеулердің адам тағдырына тигізетін әсерін философиялық тұрғыда саралай отырып, жеке тұлғаның рухани еркіндігін қоғам заңынан жоғары қояды. Мұндай көркемдік ұстаным оның дүниетанымындағы гуманистік бағытты айқын көрсетеді.

Сондықтан да Шәкәрімнің бұл поэмалары ұлттық әдебиет тарихында жаңа көркемдік парадигманың бастауына айналды. Ақын өз дәуірінің рухани және моральдық дағдарысын бейнелеу арқылы қазақ әдебиетінде адам тағдыры мен қоғам арасындағы күрделі қарым-қатынасты терең ашқан әлеуметтік-философиялық поэзияның жаңа үлгісін қалыптастырды. Осы тұрғыдан алғанда, «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» тек әдеби туындылар ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының рухани жаңғыруының көркем шежіресі.

### **Материалдар мен әдістер**

Бұл зерттеу жұмысы кешенді ғылыми талдау қағидаттарына сүйеніп жүргізілді. Ең алдымен, *тарихи-салыстырмалы әдіс* арқылы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-

Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмаларының әр кезеңдегі нұсқалары салыстырылып, олардың көркемдік және идеялық эволюциясы айқындалды. Сонымен қатар, *текстологиялық талдау әдісі* қолданылып, поэмалардың қолжазбалық және баспа нұсқаларындағы айырмашылықтар мен авторлық түзетулер анықталды. Бұл тәсіл шығармалардың түпнұсқалық мазмұнын қалпына келтіруге және мәтіннің көркемдік тұтастығын бағалауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, *герменевтикалық талдау әдісі* арқылы поэмалардағы көркемдік символика мен философиялық астар, дәстүр мен жаңашылдықтың идеялық тоғысы тереңінен пайымдалды. Зерттеу барысында сонымен бірге *әдеби-компаративистік (салыстырмалы) тәсіл* де қолданылып, Шәкәрім шығармашылығының Абай дәстүрімен және шығыстық гуманистік ой жүйесімен сабақтастығы қарастырылды. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы нәтижесінде ақын поэзиясының идеялық-философиялық мәні мен қазақ қоғамындағы ескі салт пен жаңа ойдың қақтығысын бейнелеудегі көркемдік ерекшелігі жан-жақты ашылды.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлының көрнекті туындылары – «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» поэмаларының әр жылдардағы басылымдары мен қолжазбалық нұсқалары алынды. Атап айтқанда, зерттеу барысында 1912 жылы Қазан қаласындағы «Ярдам» баспасынан шыққан алғашқы басылымдар, сондай-ақ Ахат Құдайбердиев тарапынан көшірілген қолжазбалар мен ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасының 1588-бумасы, КП 4499, Қ 398 және Ұлттық кітапхананың сирек қорында сақталған нұсқалар пайдаланылды. Бұған қоса, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы архивтік деректер мен 2018 жылы жарық көрген «Шәкәрім шығармаларының толық жинағы» ғылыми салыстырудың негізгі дереккөзі ретінде қарастырылды. Материалдарды іріктеу кезінде олардың түпнұсқалық сенімділігі, мәтіндік тұрақтылығы және идеялық тұтастығы басты назарға алынды. Осы нұсқаларға жүргізілген салыстырмалы және текстологиялық талдау нәтижесінде поэмалардың көркемдік жүйесі мен тарихи негізі, сондай-ақ автордың шығармашылық эволюциясы туралы нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік туды.

### **Нәтижелер мен талқылануы**

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани мәдениетінің негізін ғасырлар бойы қалыптасқан рулық жүйе, әдет-ғұрып нормалары мен моральдық қағидалар жиынтығы құрады. Бұл жүйе қоғамдық қатынастарды реттеудің басты құралы бола отырып, әлеуметтік тұрақтылық пен ұжымдық тұтастықты қамтамасыз етті. Алайда мұндай құрылым көбіне жеке тұлғаның еркіндігін шектеуге, адамдық таңдау мен жеке көзқарастың ұжымдық мүдде алдында екінші қатарға ысырылуына себеп болды. Әсіресе некелесу мен махаббат мәселесінде руаралық шектеулер мен туыстық тыйымдар аса қатаң сақталып, жеке адамның тағдыры мен сезімі қоғамдық моральдың өлшемімен бағаланды. Мұндай әлеуметтік ахуал ұлттық мәдениеттің тұрақтылығын қамтамасыз еткенімен, жеке тұлғаның рухани эволюциясын тежеп, еркін ойлау мен ішкі ізденістің өрісін тарылтты.

Қай дәуірдің әдебиетін алсақ та, оның көркемдік деңгейі мен идеялық тереңдігі ең алдымен қалыптасқан дәстүрдің қуатымен өлшенеді. Сол дәстүрдің тарихи даму жолында жинақтаған көркемдік тәжірибесі мен эстетикалық-танымдық әлеуеті әдеби процестің кемелденуін айқындайды. Демек, әдебиеттің рухани миссиясы, тақырыптық ауқымы мен көркемдік өрісі – оның дәстүрлік негізінің өміршендігін дәлелдейтін басты өлшем болып саналады. М.Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік-күй мәселесі – бәрі де түгел кіреді. Бұл сөз ғылымдық жағынан анығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады» [1].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы тарихи жағдайлар бұл қайшылықты бұрынғыдан да өткір көрсетті. Ресей империясының отаршылдық саясаты, әкімшілік реформалар мен мәдени ықпалдар қазақ қоғамының дәстүрлі құндылықтар жүйесін шайқалтып, рухани дағдарыс туғызды. «Мәселенің түйіні – шығармаға арқау болған оқиғаның қай дәуірде орын алғандығында емес, оның қай кездің шындығы, талабы мен талғамы, арманы мен мақсатына лайық бейнеленуінде. Шын мәніндегі көркем шығармаға қойылатын үлкен

талап та осы» [3]. Қоғамдық санада дәстүр мен жаңашылдықтың, діни сенім мен рационалдық ойлаудың, ұжымдық мораль мен жеке еркіндіктің арасындағы ішкі тартыс күшейді. Осы өтпелі кезеңде Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты ойшыл тұлғалар адам мен қоғам, салт пен сана, дәстүр мен ар-ождан мәселелерін жаңа қырынан пайымдауға ұмтылды. Шәкәрім үшін басты мақсат – ғасырлар бойы қалыптасқан салтты мүлде жоққа шығару емес, оны адамгершілік өлшеммен, рухани таным тұрғысынан қайта бағалау болды. Ақын адам болмысының мәнін тануда «ар ілімі» мен «ұждан» ұғымдарын негізгі философиялық тірекке айналдырып, нағыз рухани азаттық тек ар алдындағы адалдық арқылы жүзеге асатынын дәлелдеді.

Шәкәрім шығармаларының өзегінде дәстүрлі қоғам мен жаңарған сана арасындағы қайшылықтар терең философиялық және көркемдік деңгейде бейнеленеді. Ол адам мен қоғамның арасындағы рухани қайшылықты тек әлеуметтік тұрғыдан емес, этикалық және экзистенциялық тұрғыдан қарастырды. Ақын үшін басты құндылық – адамның өз ар-ожданымен үйлесім табуы. Осы идея оның поэмаларында «ар іліміне негізделген көркемдік ізденіс» деп атауға болатын жаңа бағыттың қалыптасуына негіз болды.

Шәкәрімнің поэмалары да белгілі бір дәрежеде әдеби-тарихи қалыпқа сай бағалауға болатын туындылар қатарынан. Ақын өз шығармашылығында заманының әлеуметтік, саяси және рухани ерекшеліктерін көркемдік деңгейде жеткізуге ұмтылады. Ол поэмаларды құрастыру барысында тарихи нақтылыққа мән беріп, нақты деректерді, тарихи оқиғаларды, жер-су атауларын көркемдік деталь ретінде пайдаланады, яғни олар тек фактілік мағынада емес, поэтикалық, философиялық контекстте де маңызға ие болады. Әдетте, Шәкәрімнің үздік туындылары тарихи шындық пен көркемдік қиялдың үйлесімін көрсете отырып, эпикалық хронотопқа тән көпқабатты құрылымға ие болады. Мұнда деректердің дәлдігі, кейіпкерлердің психологиялық шынайылығы, әлеуметтік-саяси контексттің нақтылығы бір-бірімен үйлесіп, оқырманға белгілі бір дәуірдегі халық өмірінің күрделі құрылымын түсіндіруде қызмет етеді. Сонымен қатар, тарихи деректердің поэтикалық трансформациясы Шәкәрімнің философиялық ойлары мен моральдық-этикалық идеяларын жеткізудің тиімді құралы ретінде көрініс табады. Осы тұрғыдан қарағанда, поэмалар тарихи нақтылық пен көркемдік ойлаудың үйлесімділігі арқылы ұлттық дәстүр мен автордың жеке философиялық көзқарасын қатар бейнелейтін көркемдік құрылым ретінде бағаланады.

«Қалқаман-Мамыр» дастаны алғаш рет 1912 жылы Семей қаласындағы «Ярдам» баспасынан «Қалқаман-Мамыр» деген атпен, қадим жазуында жарық көрген. Бұл басылымда автор өзін «Мұтылған» деген бүркеншік есіммен көрсетіп, шығарманы «Қазақ тілінде тарихи хикая» ретінде ұсынған. Поэmanın бірнеше жазба нұсқалары сақталған, бұл Шәкәрім шығармаларының текстологиялық тұрғыдан маңызды зерттеулерді қажет ететіндігін көрсетеді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорындағы 1588-буманың 5-13-дәптерлерінде латын және араб әріптерімен көшірілген әртүрлі жинаушылар ұсынған нұсқалар бар. Сондай-ақ, ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қорындағы Қ 398, №11 дәптерінде көк сиямен жазылған араб жазулы көшірме және КП 4499-бумасында Ахат Шәкәрімұлы көшірген кирилл жазулы «Қалқаман-Мамыр әңгімесі» атты нұсқа сақталған. Бұл соңғы қолжазба 1912 жылы Семейдегі «Ярдам» баспасынан жарық көрген басылымнан сөзбе-сөз көшірілген.

1980 жылдарының соңы мен 1990 жылдардың басынан бастап Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасы ғылыми айналымға жүйелі түрде енгізіліп, оны монографиялық деңгейде талдау үдерісі қарқын ала бастады. Осы кезеңнен бастап шәкәрімтану дербес ғылыми сала ретінде қалыптасып, өзінің теориялық және методологиялық негізін орнықтырды. Соңғы онжылдықтарда бұл бағыттағы зерттеулердің ауқымы кеңейіп, ақын мұрасына қатысты жаңа деректер мен интерпретациялар ғылыми тұрғыда негізделді. Алайда Шәкәрім мұрасын зерттеу дәстүрі тек кейінгі уақыттың еншісі емес екенін де атап өткен жөн. Бұл үрдістің бастау көздері ақынның көзі тірі кезінен бастау алады. XX ғасырдың басында-ақ қазақ зиялыларының арасында Шәкәрім шығармашылығына деген қызығушылық оянып, оның әдебиеттегі, мәдениеттегі орнын айқындауға бағытталған алғашқы талпыныстар

бой көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ» газетінде жарық көрген мақалалар мен сын пікірлер шәкәрімтанудың алғашқы дереккөздері ретінде ерекше мәнге ие.

Әсіресе, сол дәуірдегі ұлттық ой мен мәдениет кеңістігінде жетекші рөл атқарған Әлихан Бөкейхан сынды тұлғалардың еңбектері мен пікірлері Шәкәрім тұлғасын танудың бастапқы теориялық-идеялық іргетасын қалауда шешуші маңызға ие болды. Демек, шәкәрімтанудың бастауын тек кейінгі ғылыми ізденістерден емес, қазақ зиялыларының ХХ ғасыр басындағы рухани қызметінен іздеген жөн. 1915 жылы «Қазақ» газетінің бір санында оның Шәкәрім ақынның «Қалқаман-Мамыр» поэмасы туралы жазылған талдау мақаласы [4] «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен жарияланды. Кейін бұл мақала Ә.Бөкейханов шығармаларының жинағына енді [5]. Мақаланың авторы поэманың айтар ойы мен маңызын жеткізуге тырысып: «...жұрт көзін ашуға «Қалқаман-Мамыр» сияқты өлең өте керек. Рас, біздің қазаққа осы бойымен де, «Қалқаман-Мамыр» айтулы жақсы өлеңнің бірі болар. Бірақ «көп бергеннен көп сұралады» деген. Мұны Шәкәрімнен көп сұрап жаздым», – дейді [6].

«Қалқаман-Мамыр» дастаны кейінгі жылдары бірнеше рет қайта басылып, әртүрлі жинақтарға енген. Атап айтқанда, 1988 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан жинақта, сондай-ақ М. Мағауин құрастырған «Жалын» баспасынан жарық көрген басылымда, 1990, 2003 («Қазақ айнасы», «Рухнама»), 2006 («Жол табалық ақылмен»), 2008 («Өкінішті өмір», «Шәкәрім» жинақтары) және 2013, 2018, 2019, 2023 жылдары жарық көрген Шәкәрім шығармаларының толық жинақтарында жарияланып отырған. Бұл поэма нақты тарихи оқиғаға сүйенсе де, ақын оны терең философиялық мазмұнмен байытып, рухани-адамгершілік деңгейге көтерді. Шығарманың өзегі жеке еркіндік пен махаббат сезімінің табиғи заңдылығы мен қоғам бекіткен моральдық тыйымдардың арасындағы ымырасыз қайшылық. Қалқаман мен Мамырдың трагедиясы дәстүрлі мораль нормаларының адам жанына салған шектеуінің көрінісі. Ақын олардың әрекетін «күнә» ретінде емес, адамдық табиғатқа адалдық пен шынайы махаббаттың айғағы деп бағалайды. Осы арқылы Шәкәрім қоғамдағы әділет ұғымын ар мен рухани тазалық тұрғысынан қайта пайымдайды.

Он сегізінші ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ даласы қиын-қыстау кезеңді бастан кешірді. Ел тұрғындарына таяп қалған күн қасірет пен азапқа толы жоңғар шапқыншылығының алдын ала көрінісі еді. Шәкәрім өз поэмасында осы тарихи дағдарысқа, халықтың ауыр тұрмысына, сондай-ақ әйгілі «ақтабан-шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғаларының зардабына назар аударады. Ол шығармасында сол кезеңнің беймәлім, алайда әсерлі бір көрінісін, жалпы аласапыранның жеке ғана бір көрінісін көркемдік тұрғыдан бейнелейді. Ақынның мақсатында бүкіл ел тағдырындағы қайғылы оқиғаларды кеңінен суреттеу емес, нақты бір халық өмірінің сәтін, оның азап пен төзімділікке толы күндерін көрсету. «Мәселенің түйіні – шығармаға арқау болған оқиғаның қай дәуірде орын алғандығында емес, оның қай кездің шындығы, талабы мен талғамы, арманы мен мақсатына лайық бейнеленуінде. Шын мәніндегі көркем шығармаға қойылатын үлкен талап та осы»[2].

Махаббат тақырыбы жалпы Шәкәрімнің бүкіл шығармашылық мұрасында айрықша орын алатынын атап өту қажет. Шығармаларында жырланатын махаббат мәселесі ақынның тек жеке сезімін немесе романтикалық көңіл-күйін ғана бейнелемейді. Ол арқылы Шәкәрім адамгершілік, адалдық, парыз бен азаматтық мәселелерін де көтереді. Махаббатқа қатысты оның көзқарасы терең философиялық мәнге ие: ол сүйіспеншілікті тек ерлі-зайыптылық немесе еркін сезім деп қарастырмай, адам мен адамның рухани әлемі арасындағы нәзік байланыс ретінде бағалайды.

Шәкәрім поэзиясында махаббат тек эмоционалды құбылыс емес, сонымен бірге адам жанының биіктігін, ой-санасының тереңдігін ашатын көркемдік құрал. Мысалы, «Еңлік-Кебек» поэмасында махаббат тақырыбы трагедиялық сипат алып, ұлттық дәстүр мен жеке сезім арасындағы қақтығысты көрсете отырып, оқырманға адамдық қасиеттер мен қоғамдағы әділет мәселелерін ой салатын терең мазмұн береді. Ал «Қалқаман-Мамыр» шығармасында махаббат сезімі жеке адам өміріндегі ғана емес, қоғам өміріндегі әлеуметтік және моральдық қатынастарды айқындаушы фактор ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, Шәкәрімнің

махаббат тақырыбы тек ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасқа ғана арналмаған. Ол достыққа, туыстыққа, туған жерге деген махаббатты да терең поэзиялық формада жырлайды. Ақын үшін махаббат – өмірдің мәнін ашатын, адамды ізгілікті істерге жетелейтін, рухани кемелденуге жетелейтін күш. Осы тұрғыдан қарағанда, Шәкәрім шығармашылығында махаббат тақырыбының маңыздылығы тек романтикалық немесе эстетикалық қана емес, сонымен қатар философиялық, әлеуметтік және моральдық аспектілерде де ерекше орын алады. «...жалпы гуманистік көзқарастарының бөлінбес бір саласы ретінде көрініп, жаңа ғасыр басындағы бостандық идеяларына, адамдық право туралы ойларға шебер үндеседі» [7].

Шәкәрімнің поэмаларындағы кейіпкерлер тарихи тұлғаларға негізделген, олардың өмір сүрген дәуірі мен географиялық кеңістігі нақты деректермен астарланған. Сондай-ақ шығармаларда кездесетін жер-су атаулары да нақты тарихи және мәдени контекске сүйенген. Белгілі фольклортанушы және әдебиеттанушы Ш. Ыбыраев: «Қалай болған күнде де эпостың әйтеуір бір дерексіз мерзімді емес, нақтылы тарихи ізі бар кезеңді өзіне дәуір ғып алуы кездейсоқ болмаса керек. Түптеп келгенде толып жатқан эпикалық жырларды айрандай ұйытқан дәуірдің бейнесі сол жырлардан да басты орынды иемденеді», – дейді [8]. Ғалымның пікірінше, тарих поэмаларда қат-қабат ұғымдар арқылы көрініс табады; яғни, тарихи оқиғалар мен кейіпкерлер тек қана бір өлшеммен емес, бірнеше перспективалық деңгейлерде әлеуметтік, мәдени, саяси және рухани контексттер арқылы бейнеленеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Шәкәрім шығармаларында тарихи шындық пен көркем ойлау үнемі өзара үндесіп, оқырманға ұлттық өмірдің күрделілігін, сол дәуірдегі әлеуметтік құрылым мен қоғамдық қатынастардың көпқабатты сипатын жеткізеді. Ақын поэманың идеясын жеткізуде халықтық ұғымдарды философиялық биікке көтереді. Мысалы, дәстүрлі түсініктегі «жол» – рулық заңға мойынсұну болса, Шәкәрімде бұл ұғым «ардың жолы», яғни адам мен қоғам арасындағы рухани келісімнің символына айналады. Осылайша ол моральдық өлшемді сыртқы норма емес, ішкі сенім деңгейінде қарастырады. Бұл поэманың басты жаңалығы да – дәстүр мен адамгершіліктің арасындағы тепе-теңдікті іздеуде.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасы – қазақ әдебиетіндегі махаббат тақырыбын әлеуметтік әділет және ұлттық сана мәселелерімен ұштастыра жырлаған терең мазмұнды туынды. Бұл шығармада ақын жеке тағдыр мен қоғамдық мораль арасындағы қақтығысты, салт-дәстүр шеңберінен шыққан екі жастың трагедиясын философиялық тұрғыда саралап берген.

Поэма ең алғаш 1912 жылы Семей қаласындағы «Ярдам» баспасынан қадім жазуымен жарық көрген. Басылымның мұқабасында шығарманың толық атауы «Жолсыз жаза яки кез болған іс» («Самосуд или случайность») (Еңлік-Кебек) деп берілген. Бұл атаудың өзі-ақ поэманың мәнін тереңнен қозғайтынын аңғартады: «жолсыз жаза» – заңсыз, әділетсіз үкімнің астары, «кез болған іс» – кездейсоқтық пен тағдыр салмағының бейнесі ретінде алынған. Шәкәрім бұл поэмада жеке адамның еркіндігі мен дәстүр шеңберіндегі тағдыр тәлкегін философиялық пайыммен өрнектейді.

Шығарманың бірнеше қолжазбалық нұсқалары бүгінгі күнге дейін сақталып жеткен. ҚР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған 1588-буманың 1, 3, 4 дәптерлерінде араб және латын әріптерімен жазылған дастанның үш түрлі нұсқасы бар. Сонымен қатар, 9321-бумадан 1912 жылы жарық көрген «Ярдам» баспасындағы жинақтың тағы бір данасы табылған. Бұдан бөлек, КП 4499-бумасында Ахат Шәкәрімұлы қолмен жазып қалдырған 15 беттік кирилл жазуындағы нұсқасы да сақталған. Ақын бұл поэмасында әйел тұлғасын ұлттық әдебиет тарихында бұрынғыдан мүлде өзгеше қырынан танытады. Еңлік – сезімнің құрбаны емес, рухани еркіндіктің символы. Оның бейнесі арқылы Шәкәрім әйелдің ішкі әлемін, ар-намыс пен еркіндікке ұмтылысын философиялық тұрғыда бейнелейді. Бұл тұрғыдан «Еңлік-Кебек» қазақ әдебиетіндегі гендерлік сана мен гуманистік идеялардың алғашқы көріністерінің бірі ретінде бағаланады.

Шәкәрім шығармаларының мәтіндік тарихын зерттеу олардың көркемдік тұтастығын дәлелдеуге мүмкіндік береді. 1912 жылғы алғашқы Қазан басылымы мен Ахат Шәкәрімұлы

көшірген нұсқалар арасындағы айырмашылықтар поэмалардың мазмұнына нұқсан келтірмей, керісінше ақынның тілдік интонациясы мен көркемдік ізденісін айқындайды. Бұл Шәкәрімнің ой жүйесінің тұрақтылығын және оның философиялық тұжырымдарының эволюциялық емес, тұтастық сипатта болғанын дәлелдейді.

Аталған екі поэма идеялық тұрғыдан өзара тығыз байланыста. Екеуінің де түпкі мәні – адамның қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігі мен әділетке адалдығы. Шәкәрім философиялық жүйесінде адам өмірінің мәні ар, әділет және махаббат ұғымдарының бірлігінде жатыр. Ол адамды қоғамның пассивті объектісі ретінде емес, моральдық және рухани субъект ретінде көрсетеді. Трагедия оның шығармаларында түңілудің емес, рухани оянудың формасы. Бұл тұрғыда ақынның көркемдік әдісі терең гуманистік мазмұнға ие.

Шәкәрімнің поэтикалық тілі де ерекше назар аударуға лайық. Оның сөз қолданысы табиғилық пен философиялық салмақтылықты ұштастырады. Көптеген ұғымдар – «ар», «нұр», «жол», «тағдыр», «сезім» – тек поэтикалық метафора емес, философиялық категория деңгейіне көтерілген. Ақынның шығармалары осы сипатымен тек көркем әдеби мұра ғана емес, дүниетанымдық-философиялық жүйенің мәтіндік үлгісіне айналды.

Шәкәрімнің «ар ілімі» мен «ұждан» туралы тұжырымдары – оның мораль философиясының іргетасы. «Ар» – адам мен қоғамның арасындағы этикалық өлшем болса, «ұждан» – адамның ішкі рухани төрешісі. Ақын адамдық болмыстың мәнін осы екі ұғым арқылы анықтайды: адам ар алдындағы адалдық арқылы ғана нағыз еркіндікке жетеді. Бұл идея тек қазақ дүниетанымында емес, жалпы адамзаттық мораль философиясында да ерекше маңызға ие.

Шәкәрім көзқарастарының қалыптасуына Шығыс пен Батыс философиялық дәстүрі бірдей ықпал етті. Ол Фирдоуси мен Хафиздің сопылық дүниетанымын Толстойдың моральдық философиясымен ұштастыра отырып, қазақ мәдениетінің рухани кеңістігіне жаңа гуманистік мазмұн әкелді. Толстойдың «адамның ішкі ар-ұяты – Құдайдың дауысы» деген қағидасы Шәкәрімнің «ұждан» ұғымымен үндесіп, адам мен рух арасындағы байланысты терең сипаттайды. Сондықтан да Шәкәрім тек ақын немесе ойшыл емес, ұлттық мораль философиясының негізін қалаушылардың бірі саналады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық жүйесінде дәстүр мен жаңашылдықтың өзара сабақтастығы ерекше көрініс табады. Ол халықтық поэтикалық дәстүрді сақтай отырып, оны тек мазмұндық тұрғыда емес, идеялық және философиялық деңгейде жаңартты. Ақынның шығармаларында эпикалық баяндау мен лирикалық-психологиялық талдаудың ұштасуы арқылы ұлттық әдебиеттің жаңа сапалық сатысы қалыптасты. Бұл тұрғыдан алғанда, Шәкәрім қазақ әдебиетінде дәстүрлі фольклорлық баяндаудан жазба әдебиеттегі моральдық-философиялық дискурсқа өтудің көркем көпірін салған тұлға ретінде бағаланады. «Өзінің ауыз әдебиетін негіз қылмай ешбір елдің жазба әдебиеті өркендемек емес. Біздің де жазба әдебиетіміз ауыз әдебиетін негіз қылуға міндетті. Алдымен сабақты шеттен емес, өзінен алуға міндетті. Жазба әдебиетіміз негізді, берік өз еліміздің әдебиеті боламын десе, өзіміздің ауыз әдебиетімізге қайтуға міндетті» [9] деген піркіді ғалым Балтабай Әбдіғазизұлы да қоштай келіп: «Тереңдей үңілсек, Шәкәрімнің де халықтық фольклормен, дәстүрлі поэзиямен тамырластығы әлдеқайда терең, әлдеқайда күрделі екенін аңғарар едік. Өйткені ақын шығармаларындағы фольклорлық дәстүр нышандары көзге анадайдан шалынып, менмұндалап тұрған жоқ, тереңде жатыр. Шәкәрімде жалаң үйренгенін ғана ұсынар жалаң шәкірттік, жылтырақ 24 қайталау жоқ. Халық әдебиетінен тамыр алатын суреттер мен образды бейнелерді, қастерлі ұғымдар мен кестелі тіл айшықтарын ақын сол күйінде пайдалана салмайды. Оны өзінің шығармашылық қуатының көрігіне салып шыңдайды, кемел де көркем биікке көтереді», – дейді [10].

Ол дәстүрді механикалық қайталау емес, рухани жаңғырту нысаны деп түсінді. Қазақ эпосындағы ерлік пен сүйіспеншілік, намыс пен ар сияқты ұғымдарды ол қоғамның рухани дамуының өлшемі ретінде қайта пайымдады. «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары дәл осы ұстанымның көрінісі. Екі шығармада да ақын халықтық сюжеттер мен аңыздық мотивтерді негізге ала отырып, оларды жаңа замандық ойлау мен гуманистік таным тұрғысынан жаңғыртқан. Шәкәрім бұл туындыларында адамның ішкі әлемін, моральдық

таңдауларын, рухани азаттығын негізгі арқау етеді. Бұл – оның поэзиясының дәстүрлі эпикалық баяндаудан іштей психологиялық тереңдікке бет бұрғанының айғағы.

Шәкәрім дәстүрлі мәдениеттің құндылықтарын жоққа шығармай, керісінше, оларды заман талабына сай қайта мағыналауға ұмтылды. Оның шығармаларына тән басты сипат этикалық, философиялық және эстетикалық өлшемдердің біртұтастығы. Мысалы, «Қалқаман-Мамыр» поэмасында рулық салтқа қарсы шыққан жандардың әрекеті жеке еркіндік пен адамгершілік категориялары тұрғысынан қарастырылса, «Еңлік-Кебекте» қоғамның қатып қалған нормалары мен әділет ұғымының арасындағы қайшылық тереңінен ашылады. Осы арқылы ақын дәстүр мен жаңарудың, рухани ескі мен жаңа сана арасындағы күресті көркемдік категория деңгейіне көтереді.

Ақынның мораль философиясы мен көркемдік әлемі Шығыс пен Батыс өркениеттерінің тоғысқан тұсынан тамыр тартады. Оның шығармаларындағы «ар», «ұждан», «ақиқат» ұғымдары – жалпы адамзаттық құндылықтарды қазақ дүниетанымы арқылы қайта пайымдау әрекетінің нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім поэзиясының көркемдік мәні тек эстетикалық шеңберде емес, мәдени-философиялық кеңістікте ашылады. Ол поэзияны этикалық тәрбие мен рухани кемелденудің құралы ретінде қарастырды. Ақын үшін сөз тек көркем бейне тудыру құралы емес, адам мен қоғамның арасындағы рухани байланыстың медиаторы. Сондықтан оның поэмаларындағы әрбір образ, әрбір оқиға желісі белгілі бір моральдық идеяны бейнелейді. Шәкәрімнің дәстүр мен жаңашылдықты ұштастырудағы тәсілі оның көркемдік әлемінің әмбебаптығын айқындайтын басты белгі. Ол фольклорлық сарын мен философиялық толғанысты, психологиялық талдау мен поэтикалық тұспалды шебер үйлестіре білді. Мұндай көркемдік синтез қазақ әдебиетінде бұрын болмаған жаңа сапа – ұлттық реализм мен моральдық философияның бірлігін тудырды. Бұл бағыт кейінгі әдебиеттегі реалистік және модернистік ізденістерге де ықпал етті.

Шәкәрім шығармаларының көркемдік эволюциясы оның дүниетанымдық кемелденуімен тығыз байланысты. Ол өмірлік шындықты бейнелеуде деректілік пен символизмді қатар қолдана отырып, реалистік баяндауға философиялық астар қосты. Ақынның «моральдық реализмі» дәстүрлі реализмнен өзгеше, ол сыртқы өмір шындығын ғана емес, адамның ішкі рухани әлемін, моральдық таңдаулары мен ар алдындағы жауапкершілігін суреттейді.

Осылайша, Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы ұлттық әдебиеттің дәстүр сабақтастығы мен көркемдік жаңару үдерісін терең бейнелейтін құбылыс. Ол қазақтың дәстүрлі поэтикасын сақтай отырып, оны рационалды ойлау мен философиялық талдаудың биігіне көтерді. Ақынның шығармалары ұлттық әдебиеттің тек тарихи кезеңінің айнасы ғана емес, рухани болмыстың мәңгілік құндылықтарын бейнелеген көркем-танымдық феномен.

Шәкәрім дәстүрлі мәдениеттің формасын сақтап, мазмұнын жаңартты. Бұл оның шығармашылығын тек ұлттық аяда ғана емес, әлемдік әдебиет контекстінде де өзекті етеді. Сондықтан оның поэзиясын мәдени-философиялық тұрғыдан зерделеу қазақ әдебиетінің даму логикасын, ұлттық рухани дүниенің эволюциясын түсінудің маңызды кілті. Осылайша, «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары қазақ руханиятындағы дәстүр мен жаңашылдықтың, мораль мен еркіндіктің, гуманизм мен ұлттық болмыстың өзара тоғысын көркемдік тұрғыдан терең танытқан туындылар. Шәкәрім Құдайбердіұлы өз дәуірінің рухани сұрақтарына жауап іздей отырып, ұлттық әдебиеттің философиялық көкжиегін кеңейтті. Оның шығармаларындағы ар, әділет, махаббат пен рухани жаңғыру идеялары бүгінгі заман үшін де өз маңызын жойған жоқ, қайта өркениеттік сана мен адамгершілік құндылықтардың іргетасы ретінде жаңаша мәнге ие болып отыр. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Ш. Құдайбердіұлы шығармашылығын дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында тұрған, қазақ әдебиетінің идеялық әрі философиялық дамуына тың серпін берген құбылыс ретінде тануға мүмкіндік береді. Ақынның «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары арқылы көрінетін көркемдік және дүниетанымдық жүйе ұлттық сана мен жеке тұлға еркіндігі арасындағы күрделі рухани қайшылықтарды бейнелейтін, адамгершілік пен әділет идеяларын жаңа мазмұнда ұсынған бірегей көрініс.

Зерттеу барысында анықталғандай, Шәкәрім поэмаларындағы басты жаңалық – дәстүрлі қоғамның моральдық ұстанымдарын адам еркіндігі тұрғысынан қайта бағалауы. Ол рулық

жүйенің шектеуші сипатын сынай отырып, рухани жаңғырудың негізі – адамның ар алдындағы жауапкершілігі мен ұждан тазалығында деп білді. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрім шығармаларында реализмнің жаңа қыры – моральдық реализм бағыты қалыптасады. Бұл әдіс сыртқы шындықты ғана емес, адамның ішкі әлемін, ар мен сезім арасындағы үйлесімді суреттеуге бағытталған.

«Қалқаман-Мамыр» поэмасында Шәкәрім Құдайбердіұлы жеке сезім мен дәстүрлі мораль арасындағы қайшылықты терең философиялық және эстетикалық тұрғыдан зерделейді. Ақын жеке тұлғаның табиғи құқығы мен махаббат еркіндігін қоғамдағы моральдық шектеулермен салыстыра отырып, рухани еркіндік пен адамдық қадір-қасиет мәселесін көтереді. Поэмадағы трагедиялық форма арқылы ол жеке таңдаудың құнын, дәстүр мен адамгершілік қағидаларының тарихи тұрғыда үйлеспеуін көркемдік деңгейде бейнелейді. Бұл туындыда адамның ішкі әлемі мен әлеуметтік ортамен арақатынасы, сезім мен парыз арасындағы драмалық шиеленіс ерекше тереңдікпен суреттеледі. «Еңлік-Кебек» поэмасында бұл тақырып жаңа мазмұнмен толықтырылып, әлеуметтік әділет пен рухани еркіндік мәселелері кең философиялық мағынада қарастырылады. Ақын Еңлік бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы әйелдің рухани дербестігі мен адамдық қадірін дәріптейді, сол арқылы гуманистік идеялардың көркем өрісін кеңейтеді. Еңліктің трагедиясы жеке тағдыр шеңберінен шығып, ұлттық сананың оянуы мен моральдық жауапкершіліктің мәнін айқындайтын қоғамдық деңгейге көтеріледі.

Шәкәрімнің көркемдік ізденістерінің маңызды нәтижелерінің бірі – фольклорлық дәстүрді жаңа рухани және эстетикалық тұрғыда қайта жаңғыртуы. Ол халықтық эпикалық сюжеттер мен мифопоэтикалық мотивтерді сақтай отырып, олардың мазмұнын заманауи философиялық, этикалық және психологиялық мәнмен тереңдетті. Эпикалық баяндаудан лирикалық-психологиялық талдауға көшу арқылы ақын қазақ поэзиясын жаңа эстетикалық сапаға көтеріп, поэтикалық дискурста интеллектуалдық және философиялық рефлексия элементтерін енгізді. Осындай тұжырым шетелдік зерттеушілер еңбектерінде де көрініс табады. Мәселен, А. де Тийзенхаузен Шәкәрімді «ауызша әдеби дәстүрді жазба нұсқаға айналдырудың орталық тұлғаларының бірі» [11] деп атап, оның «Қалқаман-Мамыр» сынды поэмаларында қазақтың тарихи жады мен көшпелі әдет-ғұрпы, дін арасындағы терең қайшылықтарды көркем-философиялық деңгейде ашатынын көрсетеді. Бұл бағалау Шәкәрімнің фольклорлық-эпикалық мұраны жай ғана қайталап қоймай, оны жаңа рухани-интеллектуалдық кеңістікте қайта кодтағанын айқындайды.

Осы бағыттағы Шәкәрім жаңашылдығы кейінгі реалистік және модернистік әдеби ағымдардың қалыптасуына теориялық және эстетикалық негіз болды. Оның шығармаларындағы рухани ізденіс, адам болмысының моральдық және метафизикалық қырларын ашуға ұмтылыс қазақ әдебиетінің дамуында жаңа парадигма қалыптастырды.

Мұхтар Әуезовтің Шәкәрімді «қазақ поэзиясындағы реалистік дәстүрдің бастаушысы» деп бағалауы тегін емес. Шәкәрім халықтық поэтикаға сүйене отырып, өмір шындығын философиялық және моральдық тұрғыдан бейнелеудің жаңа өрісін ашты. Оның шығармалары тек көркем туынды ғана емес, қазақ мәдениетінің рухани кодын, этикалық құндылықтар жүйесін сақтаған терең дүниетанымдық мәтіндер болып табылады.

Жалпы алғанда, зерттеу Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары дәстүр мен жаңашылдықтың арасындағы рухани көпір қызметін атқарғанын дәлелдейді. Ол фольклорлық мәдениеттің поэтикалық үлгілерін сақтап, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің философиялық, психологиялық және гуманистік деңгейін көтерді. «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары арқылы ақын қоғамның моральдық дағдарысын көрсетіп қана қоймай, оны еңсерудің жолын – ар мен ұждан тазалығы арқылы рухани азаттыққа жету идеясын ұсынды. Осылайша, зерттеу нәтижесі Шәкәрім шығармашылығын қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы мен көркемдік жаңарудың тұтас көрінісі ретінде тануға мүмкіндік береді. Оның философиялық және этикалық идеялары қазіргі заманның рухани сұрақтарымен де үндес, сондықтан Шәкәрім мұрасы тек өткеннің естелігі емес, ұлттың мәңгілік рухани бағдаршамы болып қала береді.

### Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары – қазақ руханиятының тарихындағы дәстүр мен жаңашылдықтың түйіскен тұсын айқын бейнелеген көркем туындылар. Бұл шығармаларда ақын халықтық дүниетаным мен адамзаттық құндылықтарды бір арнаға тоғыстырып, жеке тұлға еркіндігі мен ар-ождан тазалығы мәселесін терең философиялық деңгейде көтереді. Поэмалардың идеялық өзегінде дәстүрлі қоғамның қатал моральдық ұстанымдары мен адамның ішкі рухани еркіндігі арасындағы мәңгілік қайшылық жатыр. Осы арқылы Шәкәрім дәуірлік шындықты ғана емес, адам болмысының мәңгілік рухани мәселелерін де көркемдік тұрғыдан пайымдаған.

Ақын шығармаларының басты жетістігі ұлттық әдебиетте гуманистік ойлау жүйесін орнықтыруында. Шәкәрім адамды қоғамның моральдық шектеулерінен жоғары қоя отырып, ар мен ұжданды өмірдің ең басты өлшемі ретінде ұсынады. Бұл идеялар оның «ар ілімінің» негізін құрап, қазақ әдебиетінде жаңа моральдық-философиялық парадигманың қалыптасуына жол ашты. Ақынның шығармашылық әлемінде дәстүр тек өткеннің сарқыншағы емес, оны рухани тұрғыдан жаңғыртудың құралына айналды.

«Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» поэмалары қазақ әдебиетіндегі жаңа көркемдік бағыттың бастауы болды. Мұнда реалистік баяндау мен философиялық толғаныс, эпикалық аңыз бен психологиялық талдау табиғи түрде үйлесім тапқан. Шәкәрім фольклорлық дәстүрді сақтай отырып, оны этикалық және гуманистік тұрғыда байытты. Ақынның адам мен қоғам, ар мен әділет, сезім мен борыш туралы ойлары өз заманының ғана емес, қазіргі заманның да рухани сұрақтарына жауап береді.

Қорытындылай келгенде, Шәкәрім Құдайбердіұлының поэмалары қазақ әдебиетінің рухани эволюциясын айқындайтын, адамзаттық ой биігіне көтерілген шығармалар қатарына жатады. Ол дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстыра отырып, ұлттық мәдениеттің мазмұнын тереңдетті және гуманистік бағдарын айқындады. Сондықтан, «Қалқаман-Мамыр» мен «Еңлік-Кебек» – тек әдеби мұра емес, қазақ халқының рухани дамуының көркем айғағы, адамдық ізгілік пен әділет жолын дәріптеген мәңгілік шығармалар болып қала береді.

### Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 б.
2. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990. – 296 б.
3. Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі. – Алматы: АБА «Айкос», 1999. – 204 б.
4. Қыр баласы. Қалқаман-Мамыр (Шәкәрім) // Қазақ, 1915.– №121. – Б.5
5. Бөкейханов Ә. Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 293-298 б.
6. Шәкәрімтану мәселелері. 1-том. – Алматы: Паритет, 2007. – 448 б.
7. Абайдың ақын шәкірттері. I кітап. – Алматы: Дәуір, 1993. – 224 б.
8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
10. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім Әлемі. Монография, – Алматы: Паритет, 2008.
11. De Tiesenhausen A. Review of Social Studies (RoSS),. Vol.2, No.2, Autumn 2015. <https://doi.org/10.21586/ROSS0000026>. – 174 б.

### References

1. Auezov M. Ar zhyldar oylary [Thoughts of different years]. – Almaty: QMKAEB, 1959. – 556 p. (in Kazakh)
2. Derbisalin A. Ádebiet turaly tolǵanystar [Reflections on literature]. – Almaty: Gylym, 1990. – 296 p. (in Kazakh)
3. Egeubaev A. Ejelgi dáuirdegi qazaq ádebietiniń kórkemdik júiesi [Artistic system of ancient Kazakh literature]. – Almaty: ABA «Aikos», 1999. – 204 p. (in Kazakh)

4. Kyr balasy. Qalqaman-Mamyr (Shakarim) [Kalqaman-Mamyr (Shakarim)] // Qazaq, 1915. – № 121. – Б.5 (in Kazakh)
5. Bokeikhanov A. Shyǵarmalary [Works]. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – P. 293–298. (in Kazakh)
6. Shakarimtanu máseleleri [Issues of Shakarim studies]. Vol. 1. – Almaty: Raritet, 2007. – 448 p. (in Kazakh)
7. Abai'dyn aqyn shákirteri [Abai's poet disciples]. Book I. – Almaty: Dáuir, 1993. – 224 p. (in Kazakh)
8. Ybyraev Sh. Epos álemi [The world of epic]. – Almaty: Gylym, 1993. – 296 p. (in Kazakh)
9. Zhumabaev M. Shyǵarmalary [Works]. – Almaty: Zhazushy, 1989. – 448 p. (in Kazakh)
10. Abdighaziuly B. Shakarim álemi [The world of Shakarim]. Monograph. – Almaty: Raritet, 2008. (in Kazakh)
11. De Tiesenhausen A. Review of Social Studies (RoSS), Vol. 2, No. 2, Autumn 2015. – <https://doi.org/10.21586/ROSS0000026>. – 174 p.

**А. Оралбек\*, Н. Елесбай**

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,  
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Курмангазы, 29

\*ORCID: 10000-0002-0600-7006

\*e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru)

### **СТОЛКНОВЕНИЕ СТАРЫХ ТРАДИЦИЙ И НОВЫХ ИДЕЙ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ: НА ПРИМЕРЕ ПОЭМ «КАЛКАМАН-МАМЫР» И «ЕНЛИК-КЕБЕК»**

**Аннотация.** В данной статье подробно рассматривается взаимосвязь понятий традиции и новаторства на основе поэм выдающегося представителя казахской литературы Шакарима Кудайбердиева «Калкаман-Мамыр» и «Енлик-Кебек». Через анализ этих произведений автор раскрывает отношение поэта к моральным и духовным ценностям общества, его философские размышления о человеческой судьбе и свободе личности. В поэмах художественно воплощаются противоречия между ограничивающим характером древних обычаев и родовых отношений и стремлением человека к личной свободе. В процессе исследования применяются историко-сравнительный, текстологический и герменевтический методы, что позволяет всесторонне проанализировать идейное содержание, художественную систему и композиционную структуру произведений. Эти творения Шакарима, отражая процесс социально-духовного обновления казахского общества, утверждают гуманистические и этические ценности. Поэт расширяет границы традиционной эпической поэтики, поднимая вопросы человеческого бытия, любви и верности, справедливости и чести на новый философский уровень. В статье также обозначена творческая эволюция Шакарима и его роль в продолжении традиций Абая. В результате исследования доказывается значение поэм «Калкаман-Мамыр» и «Енлик-Кебек» как истоков новаторства в казахской литературе. Отмечается, что гуманистические идеи и размышления о свободе личности, присущие творчеству Шакарима, сохраняют свою актуальность и для современного литературоведения.

**Ключевые слова:** Шакарим Кудайбердиев, «Калкаман-Мамыр», «Енлик-Кебек», свобода, мораль, гуманизм, философская поэзия.

**A. Oralbek\*, N. Yelesbay**

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,  
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 29 Kurmangazy street

\*ORCID: 10000-0002-0600-7006

\*e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru)

### **THE CLASH OF OLD TRADITIONS AND NEW IDEAS IN KAZAKH SOCIETY: A CASE STUDY OF THE POEMS «KALKAMAN-MAMYR» AND «ENLIK-KEBEK»**

**Abstract.** This article provides a detailed examination of the interrelation between the concepts of tradition and innovation based on the poems Kalkaman-Mamyr and Enlik-Kebek by the prominent Kazakh writer Shakarim Kudaiberdiev. Through the analysis of these works, the author reveals the poet's attitude toward the moral and spiritual

values of society, as well as his philosophical reflections on human destiny and individual freedom. The poems artistically depict the contradictions between the restrictive nature of ancient customs and clan relations and the individual's aspiration for personal liberty. The study employs historical-comparative, textological, and hermeneutic methods, which allow for a comprehensive analysis of the ideological content, artistic system, and compositional structure of the works. Shakarim's creations, reflecting the process of socio-spiritual renewal in Kazakh society, affirm humanistic and ethical values. The poet expands the boundaries of traditional epic poetics, elevating the themes of human existence, love and fidelity, justice and honor to a new philosophical level. The article also outlines Shakarim's creative evolution and his role in continuing Abai's literary tradition. The research demonstrates the significance of Kalkaman-Mamyr and Enlik-Kebek as the origins of innovation in Kazakh literature. It is emphasized that Shakarim's humanistic ideas and reflections on personal freedom remain relevant for contemporary literary studies.

**Keywords:** Shakarim Kudaiberdiev, Kalkaman-Mamyr, Enlik-Kebek, freedom, morality, humanism, philosophical poetry.

#### **Авторлар туралы**

**Оралбек Алмас** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0600-7006>.

**Елесбай Нұржұма** – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: [n.a.sh.januya@mail.ru](mailto:n.a.sh.januya@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0482-1223>.

#### **Сведения об авторах**

**Оралбек Алмас** – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0600-7006>.

**Елесбай Нуржума** – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: [n.a.sh.januya@mail.ru](mailto:n.a.sh.januya@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0482-1223>.

#### **Information about authors**

**Almas Oralbek** – research fellow at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: [ora-10@mail.ru](mailto:ora-10@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0600-7006>.

**Nurzhuma Elesbai** – research fellow at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: [n.a.sh.januya@mail.ru](mailto:n.a.sh.januya@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0482-1223>.

*Редакцияға енуі 31.10.2025*

*Өңдеуден кейін түсуі 02.12.2025*

*Жариялауға қабылданды 22.12.2025*